

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ ЖАНЫНДАҒЫ  
ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫ АКАДЕМИЯСЫ**



**АКАДЕМИЯЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК**  
Анықтамалық басылым

**Астана, 2017**

ӘОЖ 34(038)  
КБЖ 67.0я2  
А33

Баспаға Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ғылыми кеңесімен ұсынылды.

**Пікір жазғандар:**

Бегалиев Е.Н. - заң ғылымдарының докторы, доцент.

Батешов Е.А. - педагогика ғылымдарының кандидаты.

**А33 Академиялық түсіндірме сөздік** (анықтамалық басылым). /Құраст.: Б.Р.Есімсейтов –Астана: Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2017. -46 бет.

ISBN 978-601-278-929-4

Академиялық түсіндірме сөздік Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранттары мен докторанттарына және жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында құрастырылған.

Сөздікте жоғары білім беру және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыруда, оқу-тәрбиелік және ғылыми-педагогикалық қызметтің белгілі бір саласы үшін жоғары білімі бар мамандар даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыруда жиі қолданылатын негізгі термин сөздер қамтылды.

ӘОЖ 34(038)  
КБЖ 67.0я2

ISBN 978-601-278-929-4

© Құраст. Б.Р.Есімсейтов

© Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2017.

*Қазақ тілінің осы заманның биік талабына сай, бай терминологиялық қорын жасаған соң оны рет-ретімен, кезең-кезеңімен қоғамдық өмірдің бар саласына батыл енгізуіміз керек.*

*Н.Ә. Назарбаев*



## АЛҒЫ СӨЗ

2016-2017 оқу жылы магистранттардың педагогикалық шығармашылық ойлауын дамыту, жоғары оқу орнының оқытушысы және ғалым-зерттеуші ретіндегі болашақ кәсіби іс-әрекеті үшін қажетті білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатымен «Ғылым және білім негіздері» атты пәнді енгізген болатынбыз. Мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылған болатын. Олар: магистранттарды жоғары білім беру жүйесіндегі нормативті-құқықтық құжаттармен таныстыру; ғылыми қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру; жоғары мектептегі оқытудың әдіснамалық және теориялық негіздерімен таныстыру, жоғары мектептегі оқытудың қазіргі инновациялық әдістерімен, негізгі ұстанымдарымен таныстыру; ғылыми зерттеулерді талдаудың қазіргі заманғы технологиясымен таныстыру; оқытуды ұйымдастыру және жоспарлау, жоғары мектепте оқу-тәрбие процесін құрастыру дағдыларын дамыту; педагогикалық фактілерді, құбылыстарды педагогикалық ғылыми тілде бейнелеуге баулу.

«Ғылым және білім негіздері» пәнін оқыту барысында магистранттарды ғылыми зерттеулерді талдаудың қазіргі технологиясымен таныстыру, оқытуды ұйымдастыру және жоспарлаумен қатар, нақты терминдер мен олардың мағынасын жетік білу керек екеніне көзіміз жетті. Сондықтан осы сөздікте ғылым мен білімнің түрлі салаларында қолданылып жүрген негізгі терминдерді іріктеп, олардың мағыналарына түсінік бердік.

Сөздікте ғылым және білім салаларындағы түрлі қарым-қатынасты реттейтін қолданыстағы заңдар және жалпы педагогика мен психологиядағы негізгі ұғымдар қамтылған. Барлық терминдер алфавиттік ретпен кириллицада беріліп, бүгінгі заман талабына айналып отырған латын әліпбиіндегі транскрипциясы ұсынылып отыр.

Сөздік ғылыми-педагогикалық бағытта білім алып жатқан магистранттар мен докторанттар үшін сонымен қатар, білім беру жүйесінің қызметкерлері, жалпы оқырмандар үшін түсінікті, қарапайым тілде құрастырылған.

*Адамның біліміне ақыл серік, ақыл кен таусылмайтын жанға көрік.*

*А. Қорамсаұлы*



<b>АКАДЕМИЯ</b>	мамандықтардың бір-екі тобы бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орны.
<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ДӘРЕЖЕ</b>	білім алушылардың қорытынды білім берудің оқу бағдарламаларын меңгеру дәрежесі.
<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ЕРКІНДІК</b>	білім беру процесінің субъектілеріне оларды таңдау бойынша жиынтық пәндерден, оқытудың қосымша түрлерінен білім мазмұнын дербес анықтау үшін және білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуына және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдануға жағдай жасау мақсатында білім беру қызметін ұйымдастыру үшін ұсынылатын білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктер жиынтығы.
<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ</b>	үш нысанның біреуін таңдайтын білім беру ұйымының теориялық кезеңі: семестр (15 апта), триместр (10 апта), тоқсан (8 апта).
<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕ</b>	оқу жылы бойына демалыс күндерін (демалыс және мерекелерді) көрсететін, оқу және бақылау іс-шараларымен тәжірибелерді өткізу күнтізбесі.
<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ МОБИЛЬДІК</b>	білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру.
<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ ОРАЛЫМДЫЛЫҚ</b>	білім алушыларды немесе оқытушы-зерттеушілерді оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңге (семестрге немесе оқу жылына) өзінің ЖОО-да немесе оқуды жалғастыру үшін басқа ЖОО-да кредиттер түрінде меңгерген оқу бағдарламаларынан, пәндерден міндетті түрде қайта сынақ тапсыра отырып, басқа ЖОО (ел ішінде немесе шетелге) ауыстыру.

<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ РЕЙТИНГІ</b>	қорытынды аттестаттаудың нәтижелері бойынша құрылған білім алушылардың бағдарламалық материалды игеру деңгейінің сандық көрсеткіші.
<b>АКАДЕМИЯЛЫҚ САҒАТ</b>	оқу сабақтарының (аудиториялық жұмыс) барлық түрлері бойынша бекітілген кестеге сәйкес білім алушылар мен оқытушының байланыс уақыты.
<b>АККРЕДИТТЕУ</b>	ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет субъектілері өз қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен стандарттарға сәйкестігін ресми тануда иеленетін рәсім.
<b>АККРЕДИТТЕУ ОРГАНДАРЫ</b>	стандарттарды (регламенттерді) әзірлейтін және солардың негізінде білім беру ұйымдарын аккредиттеуден өткізетін заңды тұлғалар.
<b>АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫ</b>	аккредиттеу органы аккредиттеу рәсіміне қойылатын талаптарды белгілейтін құжат.
<b>АҚЫЛ-ОЙ ТӘРБИЕСІ</b>	адамның таным қабілетін дамытып, ер жетіп, есеюіне, білімді игеруіне жол ашатын мағлұмат - тәрбиенің негізгі бір саласы. Ақыл-ой тәрбиесі арқылы оқушының оқып, білім алуындағы іс-әрекетін бағыттап, сана-сезімнің дамуына, ғылым негіздерін меңгеруіне бағыт, бағдар беріледі.
<b>АЛҚА</b>	белгілі бір сала бойынша шешім қабылданатын арнайы мамандардан құрылған топтың отырысы.
<b>АССИСТЕНТ</b>	жоғары оқу орындарындағы профессордың көмекшісі, дәріс, зертханалық және тәжірибелік сабақтар өткізуге жәрдемдесетін оқытушы.
<b>АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ</b>	тиісті білім беру бағдарламаларын ойдағыдай меңгерген, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын, оқу орнының қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене қатысатын неғұрлым қабілетті білім алушыларды көтермелеу үшін жеке немесе заңды тұлғалар тағайындайтын стипендия.
<b>АТТЕСТАТТАУ</b>	қызметкердің біліктілігін, оқушылардың білім деңгейін анықтау.
<b>АУДИТОРИЯ</b>	сөздік хабарламаларды мағыналық қабылдау процесінде өзара қарым-қатынаста болатын, коммуникаторы бар, кеңістікте орналастырылған адамдардың шағын тобы.
<b>АШЫҚ САБАҚ</b>	өзге мұғалімдердің қатысуымен тәжірибелі мұғалімнің өткізетін сабағы. Өз жұмысының әдістерін көрсетудің, педагогикалық мамандық деңгейін көтерудің және тәжірибе алмасудың маңызды құралы.

*Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін бар бояуымен төгілтіп түсіретін тіл – қуатты тіл, қазақ тілі – сондай тіл.*

*Н. Назарбаев*



<b>ӘДЕП</b>	моральдық категория, адамдар қарым-қатынасында ізгілік нормаларын мүлтіксіз орындау.
<b>ӘДЕП КОДЕКСІ</b>	қоғамда өмір сүрудің басты нормаларын (адамгершілік, мәдени-рухани, ізеттілік, сыпайылық және т.б.) белгілейтін құжат.
<b>ӘДЕП ТӘРТІБІ</b>	адам бойындағы адамгершілік, мәдени-рухани, әдемілік, ізеттілік, сыпайылық және т.б. қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған тәрбие түрі.
<b>ӘДІС</b>	көздеген мақсатқа жетудің бірыңғайланған тәсілдері, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі.
<b>ӘДІСКЕР</b>	білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмыстарын ұйымдастырушы және талдаушы тұлға.
<b>ӘДІСНАМА</b>	педагогика теориясына лайықты танымның ұстанымы, әдісі, нысаны мен таным амалдары арқылы педагогикалық болмысты өзгеріске түсіру.
<b>ӘДІСТЕМЕ</b>	жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін педагогиканың саласы.
<b>ӘДІСТЕМЕЛІК ӘЗІРЛЕМЕ</b>	сабақ өткізуді қамтамасыз ететін барлық материалдар кешені. Әдістемелік әзірleme сабақ жоспарын немесе сабақтың қысқа жазбаша жоспарын қамтиды.
<b>ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС</b>	білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеудің ұғымды әдістері мен тәсілдерін игеруді мақсат ететін жұмыстар кешені.
<b>ӘДІСТЕМЕЛІК КАБИНЕТ</b>	білім беру процесінің ұйымдастырушылық-әдістемелік қамсыздандырылуын, нәтижесін талдау мен бағалауды, педагог кадрлардың шығармашылық өсуіне және олардың кәсіптік тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруіне жәрдемдесетін инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау мен таратуды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше.
<b>ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКА</b>	тәрбиелеу негізгі міндеті емес түрлі ұйымдарда барлық жастағы және әлеуметтік санаттардағы адамдардың әлеуметтік тәрбиеленуін зерттейтін педагогика саласы.

<b>ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯ</b>	әлеуметтік топтарға қосылуынан туындаған адам бойындағы мінез-құлық заңдылықтарын, сонымен қатар сол топтардың психологиялық сипаттамаларын зерттейтін психология саласы.
<b>ӘРЕКЕТ</b>	саналы түрде мақсатқа жетуге бағытталған тікелей еркін, ниетті, белсенді жасалатын іс-қимыл бірлігі.
<b>ӘРЕКЕТСІЗДІК</b>	адамның жұмыс қабілетінің тоқырауға ұшырауы. Әрекетсіздік енжарлық, жалқаулыққа соқтырып, ақыл мен сананың дамуына да теріс әсерін тигізеді.
<b>ӘСКЕРИ, АРНАУЛЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ</b>	ғылымның заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық табыстарына негізделіп, таңдалған мамандық саласындағы маңызды мәселелердің теориялық және/немесе тәжірибелік әзірлемелерінен тұратын магистранттың диссертациясы.
<b>ӘСКЕРИ, АРНАУЛЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ</b>	Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне, Қазақстан Республикасының прокуратура органдарына және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары.

*Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек.*

*Н. Назарбаев*



<b>БАКАЛАВР</b>	жоғары білім беру бағдарламаларын меңгерген азаматтарға берілетін академиялық дәреже.
<b>БАКАЛАВРИАТ</b>	тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім беру бағдарламалары.
<b>БЕЙІН АЛДЫ ДАЯРЛЫҚ</b>	білім алушының жеке білім беру траекториясының негізгі орта білім беруді таңдауын мақсатты педагогикалық қолдау.
<b>БЕЙІНДІ ОҚЫТУ</b>	білім алушылардың мүдделерін, бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, оқытуды саралау және білім беру процесін ұйымдастыру.
<b>БЕЙІНДІК БАҒЫТ</b>	кемінде 1 жыл нормативтік оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 18 кредитін, тәжірибенің кемінде 2 кредитін және эксперименттік-зерттеу жұмысының кемінде 4 кредитін міндетті түрде меңгерту.
<b>БЕЙІНІ БОЙЫНША ДОКТОР</b>	Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша докторантураның бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған ғылыми дәреже.
<b>БОЛАШАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТИПЕНДИЯСЫ</b>	Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқуы немесе шетелдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия санаттарын айқындайтын жұмыскерлердің шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өтуі үшін ҚР-ның Президенті тағайындайтын стипендия.
<b>БІЛІКТІЛІК СИПАТТАМАЛАРЫ</b>	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жүйесінде және тиісті лауазымда кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білімдер, шеберліктер мен дағдылар.
<b>БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ</b>	құқық қорғау, ұлттық қауіпсіздік органдары жүйесіндегі және тиісті лауазымдағы кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағды.

<b>БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ИНСТИТУТЫ</b>	үздіксіз білім беру жүйесінде кадрлардың кәсіптік біліктілігін арттырудың және оларды қайта даярлаудың өзекті білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім берудегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін қамтамасыз ететін инновациялық процестерді қолдауды жүзеге асыратын білім беру ұйымы.
<b>БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУДЫҢ ВАУЧЕРЛІК-МОДУЛЬДІК ЖҮЙЕСІ</b>	білім беру қызметкеріне ұйымды, оқытудың мазмұны мен мерзімдерін таңдауға мүмкіндік беретін, мемлекет белгілеген және белгілі бір ақша сомасымен қамтамасыз етілген, атаулы құжат (ваучер) түрінде ресімделген жан басына шаққандағы норматив негізінде қаржыландырылатын біліктілікті арттыру нысаны.
<b>БІЛІКТІЛІКТІ БЕРУ</b>	нақты мамандық бойынша тиісті кәсіптік қызмет түрінің шеңберінде жұмысты орындау үшін қажетті жеке қабілеттілік, кәсіптік білім, шеберлік пен дағдылар жиынтығын растау рәсімі.
<b>БІЛІМ АЛУ ҮШІН АРНАЙЫ ЖАҒДАЙЛАР</b>	ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар.
<b>БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ</b>	білім алушылардың оқу пәнінің бір бөлігін немесе толық курсын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.
<b>БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ</b>	тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.
<b>БІЛІМ БЕРУ</b>	имандылық, зияткерлік, мәдени жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі.
<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>	оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалаудың өлшемдік шарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешені.

<b>БІЛІМ ГРАНТЫ</b>	<b>БЕРУ</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шарттармен білім алушыға берілетін ақшаның нысаналы сомасы.
<b>БІЛІМ ҚЫЗМЕТІ</b>	<b>БЕРУ</b>	білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында азаматтарды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.
<b>БІЛІМ МОНИТОРИНГІ</b>	<b>БЕРУ</b>	білім беру процестерін жүзеге асырудың жай-күйін, нәтижелері мен шарттарының өзгеруін, білім алушылар контингентін, білім беру ұйымдарының қызметі мен жетістіктерінің көрсеткіштерін жүйелі түрде талдау, бағалау және болжау.
<b>БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН</b>	<b>БЕРУ</b>	білім беру саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы.
<b>БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖҮЙЕСІ</b>	<b>БЕРУ</b>	білім беру сапасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктеріне сәйкестігін белгілеудің институционалдық құрылымдары, рәсімдері, нысандары мен әдістерінің жиынтығы.
<b>БІЛІМ ҰЙЫМДАРЫН АККРЕДИТТЕУ</b>	<b>БЕРУ</b>	білім беру қызметтерінің сапасы туралы объективті ақпарат беру және оны арттырудың тиімді тетіктерінің бар екенін растау мақсатында аккредиттеу органының белгіленген аккредиттеу стандарттарына (талаптарына) сәйкестігін тану рәсімі.
<b>БІЛІМ ҰЙЫМДАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ</b>	<b>БЕРУ</b>	білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарына сәйкестігін бақылау мақсатымен жүргізілетін рәсім.
<b>БІЛІМ ҚҰЖАТТАРДЫ НОСТРИФИКАЦИЯ ЛАУ</b>	<b>ТУРАЛЫ</b>	басқа мемлекеттерде, халықаралық немесе шетелдік оқу орындарында (олардың филиалдарында) білім алған адамдарға берілген құжаттардың баламалылығын айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім.

*Ғылым әлемдегі жаңалық атаулының бәріне ашық та зерек болуға тиіс.*

*Н. Назарбаев*



<b>ГИМНАЗИЯ</b>	білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және өзге де оқыту бағыттары бойынша кең ауқымда және тереңдете білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.
<b>ҒАЛЫМ</b>	ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын әрі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізетін азамат.
<b>ҒҰЛАМА</b>	үлкен оқымысты, асқан дана ақыл-ой иесі, білгір ғалым. Өз заманында өмірін ғылым жолына арнаған, ғылыми жаңалық ашқан адам.
<b>ҒЫЛЫМ</b>	қызметі табиғи байлықтарды ұтымды пайдалану және қоғамды тиімді басқару мақсатында табиғат, қоғам және ойлау заңдарын зерделеу, болмыс туралы объективті білімді тұжырымдау және теориялық жағынан жүйелеу болып табылатын адам қызметінің саласы.
<b>ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ</b>	ғылымның бір саласындағы ғылыми қызметкерлерге немесе оқытушыларға берілетін дәреже.
<b>ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ</b>	мемлекеттің ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке қатынасын білдіретін, ғылым мен техника саласындағы әртүрлі ұйымдар қызметінің, ғылыми-техникалық жетістіктерді іске асырудың, жаңа технологиялар жасаудың, оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатындағы негізгі басымдықтарын, мақсаттарын, бағыттарын, қағидаттарын, нысандары мен әдістерін айқындайтын әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі.
<b>ҒЫЛЫМ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА</b>	әлемдік және ұлттық ғылымның жай-күйі мен даму үрдістерін талдауды, ҚР-ның ғылыми-техникалық әлеуетін жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды, ғылымды дамытудың басым бағыттарын негіздеуді қамтитын жыл сайынғы есеп.

<b>ҒЫЛЫМ КАНДИДАТЫ, ҒЫЛЫМ ДОКТОРЫ</b>	ізденушілердің диссертациялар қорғауы негізінде берілген ғылыми дәрежелер.
<b>ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН</b>	ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласында салааралық үйлестіруді және басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган.
<b>ҒЫЛЫМИ АТАҚ</b>	ғалымға берілетін лауазым. Ғылыми атақтар: ассистент, кіші ғылыми қызметкер, аға ғылыми қызметкер, доцент, профессор, корреспондент мүше және академияның толық мүшесі (академик). Ғылыми атақтар жоғары білімі бар, жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерде педагогикалық, ғылыми-зерттеу жұмыстарында кемінде бір жыл еңбек еткендерге беріледі.
<b>ҒЫЛЫМИ БОЛЖАМ</b>	тәжірибеде әзірге белгісіз құбылыстар туралы немесе келешекте белгілі бір жағдайда пайда болатындай мүмкіндігі бар оқиғалар мен құбылыстар туралы ғылыми білім, болжам. Тәжірибелік қажеттіліктен туып, ғылым жетістіктеріне сүйене келе болжау - адам ойының бір нысанына айналған. Ғылыми болжамның мүмкіндігі - оның ғылыми негізділігі мен өзара заңдылығында, өзара тәуелділігінде. Кез келген объективтік процестің дамуын болжау үшін ғалым (зерттеуші) сол процестің мәнді байланыстарын бейнелейтін теорияларға сүйенеді.
<b>ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЕСЕБІ</b>	ғылыми-техникалық жұмыстың іске асырылуы туралы ақпаратты, ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді, сондай-ақ жоспарланған жұмыстардың әрі қарай жүргізілуінің орындылығы туралы не аяқталған ғылыми, ғылыми-техникалық жоба мен бағдарлама нәтижесі туралы ақпаратты қамтитын құжат.
<b>ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН ЕНГІЗУ</b>	жаңа өнімді игерудің немесе жаңа технологияны енгізудің ғылыми-өндірістік циклінің қорытынды сатысын іске асыруға бағытталған қызмет.
<b>ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ</b>	табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда,

<b>ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНД ЫРУ</b>	ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін тәжірибелік тұрғыда қолдануға байланысты қызмет.
<b>ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНД ЫРУ ОРТАЛЫҒЫ</b>	ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруды жүзеге асыратын заңды тұлға, ғылыми ұйымның, жоғары оқу орнының, дербес немесе өзге де білім беру ұйымының құрылымдық немесе оқшауланған бөлімшесі.
<b>ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНД ЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗИЯТКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕСІ</b>	өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, интегралдық микросхемалардың топологиялары, электрондық есептеу машиналары мен дерекқорға арналған бағдарламалар және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесінде алынған зияткерлік қызметтің басқа да нәтижелері.
<b>ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНД ЫРУҒА АРНАЛҒАН ГРАНТ</b>	экономиканың басым секторлары шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде берілетін бюджет және (немесе) бюджеттен тыс қаражат.
<b>ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕСІ</b>	ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған және кез келген ақпарат жеткізгіште тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың модельдері, макеттері, үлгілері.
<b>ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТ</b>	кемінде 2 жыл нормативті оқу мерзімімен теориялық оқытудың кемінде 42 кредитін, кәсіптік тәжірибенің кемінде 6 кредитін және ғылыми-зерттеу жұмысының кемінде 7 кредитін міндетті түрде меңгерту.

<b>ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР</b>	ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар шеңберінде ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілері тиісті ғылыми әдістермен және құралдармен жүзеге асыратын қолданбалы, іргелі, стратегиялық ғылыми зерттеулер.
<b>ҒЫЛЫМИ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ</b>	ғылыми ұйымның балансындағы ғылыми зертханалық және инженерлік жабдық, тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіріс, бірегей объектілер, сондай-ақ өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүлік.
<b>ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС</b>	жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің ғылыми-зерттеу, оқу-тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттарын белгілейтін басқару органы.
<b>ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТ</b>	зерделенетін объектілерге, құбылыстарға тән қасиеттерді, ерекшеліктер мен заңдылықтарды анықтау мақсатында қоршаған болмысты зерделеуге және алынған білімді тәжірибеде пайдалануға бағытталған қызмет.
<b>ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР</b>	ғылыми ұйымда, жоғары оқу орнында немесе ұйымның ғылыми бөлімшесінде жұмыс істейтін, жоғары білімі бар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне қол жеткізетін және оны іске асыратын жеке адам.
<b>ҒЫЛЫМИ, ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ БАҒДАРЛАМА БОЙЫНША БАС ҰЙЫМ</b>	нысаналы ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаны іске асыруға арналған конкурстың қорытындылары бойынша мемлекеттік уәкілетті орган айқындайтын әрі іргелі және қолданбалы зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыруды сүйемелдеуді және орындалатын бағдарламаның шеңберінде орындаушы ұйымдардың қызметін үйлестіруді жүзеге асыратын заңды тұлға.
<b>ҒЫЛЫМИ, ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОБА МЕН БАҒДАРЛАМА</b>	болжанған ғылыми-техникалық жұмыс мазмұнын қамтитын, жоспарланған жұмыстарды жүргізудің мақсаттары мен міндеттері, өзектілігі, жаңалығы, ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы негізделген ғылыми, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулерді білдіретін құжат.

<b>ҒЫЛЫМИ- ӘДІСНАМАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ</b>	ғылыми тақырыпқа негізделіп жоспарланған, сол ғылыми-зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін ашатын ғылыми жиын.
<b>ҒЫЛЫМИ- ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС</b>	ғылым жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибеге негізделген және үздіксіз білім беру жүйесінің жұмыс істеуін және оны дамытуды жетілдіруге бағытталған қызмет түрі.
<b>ҒЫЛЫМИ-БІЛІМ БЕРУ КОНСОРЦИУМЫ</b>	ғылыми ұйымдар, жоғары оқу орындары және басқа да заңды тұлғалар, оның ішінде өндіріс саласында жұмыс істейтін басқа да заңды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу, техноло гиялық инновацияларды әзірлеу және жоғары білікті мамандарды даярлау үшін зияткерлік, қаржылық және өзге де ресурстарды біріктіретін бірлескен шаруашылық және ғылыми қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті тең құқықты уақытша бірлестік.
<b>ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ</b>	бар білімді кеңейту және жаңа білім алу, ғылыми болжамдарды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, жобаларды ғылыми жинақтау, ғылыми негіздеу мақсатында ғылыми ізденіспен, зерттеулер, эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс.
<b>ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТТАРЫ</b>	ғылымның, техниканың, өндірістің түрлі саласында ғылыми зерттеулер жүргізетін мекеме.
<b>ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ</b>	педагогикалық жаңа білімдердің қалыптасу процесі, оқыту, тәрбиелеу, дамытудың объективтік заңдылық тарын ашуға бағытталған танымдық іс-әрекет түрі.
<b>ҒЫЛЫМИ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ</b>	оқу, тәрбие жұмысын ғылыми-педагогикалық тәлімдік тұрғыдан ұйымдастырып, жүзеге асыру әрекеті.
<b>ҒЫЛЫМИ- ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ</b>	ғылыми тақырыпқа негізделіп жоспарланған, сол ғылыми-зерттеу жұмысының теориялық негізін тәжірибемен ұштастыратын ғылыми жиын.
<b>ҒЫЛЫМИ- ТЕХНИКАЛЫҚ АҚПАРАТ</b>	ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық және өндірістік қызмет барысында алынатын, ғылымның, техниканың, технологиялардың ұлттық және шетелдік жетістіктері туралы мәліметтерді қамтитын ақпарат.

*Дамыған, еркін елдің ертеңі - кемел білім мен кемел ғылымда.*

*Н. Назарбаев*



<b>ДӘРІС</b>	белгілі тақырыпты, тарауды, пәнді немесе оқу материалын, ғылым әдісін жүйелі түрде баяндау. Оқу дәрісі - оқу процесінің негізгі түрлерінің және жоғары оқу орындарындағы сабақ жүргізудің негізгі әдістерінің бірі.
<b>ДӘРІСТІК ӘДІС</b>	сабақта айтылатын ойды тезис-жоспар бойынша күні бұрын жобалап, жоспарлап алып, сол бойынша оқытушының баяндау монологы.
<b>ДЕДУКЦИЯ</b>	білімнің көбіне жалпыдан кемірек жалпыға, жекеге қарай қозғалуы, салдардың алғышарттардан шығарылуы. Логика дедукцияны ой қорытындысының бір түрі деп қарастырады.
<b>ДЕДУКЦИЯЛЫҚ ӘДІС</b>	жеке ережелер логикалық тұрғыда жалпы ережелерден (аксиомалардан, ережелерден, заңдардан) шығарылатын зерттеу, баяндау әдісі.
<b>ДЕКАН</b>	факультеттің қызметін ұйымдастыратын, басшылық жасайтын лауазымды тұлға.
<b>ДЕОНТОЛОГИЯ</b>	борыш пен борышкер проблемасын қарастыратын әдептану бөлімі.
<b>ДЕСКРИПТОРЛАР</b>	жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын аяқтаған студенттердің игеріп шығатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы. Дескрипторлар оқыту нәтижелеріне, қалыптасқан құзыреттерге, сондай-ақ кредиттерінің жалпы санына (сынақ бірліктеріне) негізделеді.
<b>ДИДАКТИКА</b>	білім беру мен оқыту теориясы, педагогиканың саласы. Дидактика - теориялық және осымен бір мезгілде нормативтік-қолданбалы ғылым.
<b>ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛ</b>	оқушыларға өз бетімен жұмыс істеу үшін таратылатын құралдар (карталар, кестелер, мәтіндік немесе санды және суретті карточкалар жиыны, реактивтер, гербарий және т.б.).
<b>ДИПЛОМ</b>	жоғары (орта) оқу орнын бітіргендігін, ғылыми дәреже немесе атақ берілгендігін растайтын ресми құжат.

<b>ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС (ЖОБА)</b>	білім алушының таңдалған мамандық саласындағы өзекті мәселені өз бетінше зерделеу нәтижелерінің жинақталуы болып табылатын бітіру жұмысы.
<b>ДИССЕРТАЦИЯ</b>	ғылыми дәреже алу үшін зерттеліп жазылған ғылыми-зерттеу жұмысы.
<b>ДОКТОРАНТ</b>	докторантурада білім алатын адам.
<b>ДОКТОРАНТУРА</b>	білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін бере отырып, ғылыми, педагогтік және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.
<b>ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ</b>	теориялық ережелер жиынтығын жаңа ғылыми жетістік ретінде тануға болатын немесе ғылыми мәселе шешілген, не енгізілуі ел экономикасының дамуына үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер баяндалған, дербес зерттеу болып табылатын ғылыми жұмыс.
<b>ДОЦЕНТ</b>	жоғары оқу орындарындағы оқытушының лауазымы және ғылыми атақ; тиісті оқу орны беретін академиялық атақ. Ғылым кандидаттарына, докторларына немесе халық шаруашылығының ғылыми атағы жоқ, жоғары оқу орындарында бірнеше жыл оқытушы болып қызмет істеген, ғылыми еңбектері бар немесе жаңалық ашқан жоғары білікті мамандарға беріледі.
<b>ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ</b>	кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының жауапкершіліктері тең болған кезде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып және өтемақы төлемін төлей отырып оқыту мен тәжірибенің міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны.
<b>ЕКІ ДИПЛОМДЫҚ БІЛІМ</b>	екі тең бағалы диплом (Double Major) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (Major Minor) алу мақсатында екі оқу жоспары (білім беру бағдарламалары) бойынша параллельді білім алу мүмкіндігі.

*Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар қолданбалы және ғылыми-зерттеушілік бөлімшелерін құруы және дамытуы қажет.*

*Н. Назарбаев*



<b>ЖАЗБА ЖҰМЫСЫ</b>	оқытушының жетекшілігімен орындалатын жазбаша тапсырма түрі. Оқытудың барлық кезеңдерінде қолданылады.
<b>ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП</b>	бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.
<b>ЖАТТЫҒУ ӘДІСІ</b>	оқушының білімін пысықтап, іскерлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған оқыту әдісі. Жаттығу әдісі арқылы оқушының білімі тереңдетіліп, шығармашылық қабілеті дамытылады. Оқушы оқу материалдарын түсініп, игергеннен кейін, сол материалға байланысты қарапайым, кейін бірте-бірте күрделі жаттығу жұмыстары жүргізіледі.
<b>ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫ</b>	үлгілік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен студенттің әр оқу жылына арнап өзі құрастыратын оқу жоспары.
<b>ЖЕКЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮЙЕ</b>	педагог пен оқушы мүмкіндіктерін толық пайдалануды және оның әсерін тұрақты сақтауды көздейтін іс-әрекеттер жиынтығы.
<b>ЖИНАҚТАУ САБАҒЫ</b>	оқу пәнінің өткен бөлімі немесе тақырыбы бойынша оқушылардың білімдерін бекіту мен жүйелеу мақсатында өткізілетін сабақ.
<b>ЖОБАЛАУ ӘДІСІ</b>	оқушыны бірте-бірте күрделілене түсетін тәжірибелік тапсырмаларды жоспарлы түрде орындату арқылы оқыту жүйесі.
<b>ЖОҒАРЫ АРНАУЛЫ БІЛІМ</b>	нормативті оқу мерзімі кемінде 4 жыл, теориялық оқудың кемінде 161 кредиті және кәсіби тәжірибенің кемінде 6 кредиті міндетті түрде меңгерілетін, тиісті мамандық бойынша біліктілікті бере отырып мамандар даярлауға бағытталған жоғары білімнің білім беру бағдарламасы.

<b>ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖ</b>	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің интеграцияланған модульдік білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.
<b>ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ КОМПОНЕНТІ</b>	мамандықтардың білім беру бағдарламасы шеңберінде игеру үшін ӘАОО дербес айқындайтын оқу пәндері мен кредиттердің тиісті көлемдерінің тізбесі.
<b>ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ</b>	білім беру жүйесінің жоғары сатысы ретінде біліктілігі жоғары ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау мақсатында білім беру. Жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білімді арнаулы жоғары білімі немесе “магистр” академиялық дәрежесі бар білікті мамандықтағы азаматтар алады. Ғылыми және ғылыми-педагог кадрлар даярлау жоғары оқу орындарының резидентурасында, аспирантурасында, адъюнктурасында және докторантурасында, ғылыми-зерттеу ұйымдарында, сондай-ақ ғылым кандидаттарын аға ғылыми қызметкер қызметіне, ізденушілікке ауыстыру, шығармашылық демалыстар беру нысанында жүзеге асырылады.
<b>ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНЫҢ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ</b>	Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, білім беру мазмұнын өзі дербес айқындау және білім беру қызметін ұйымдастыру құқығын беретін білім беру ұйымы жұмыс істеуінің ерекше режимі.
<b>ЖОҒАРЫ ТЕХНИКАЛЫҚ МЕКТЕП</b>	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің интеграцияланған білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

*Зерттеп білмейінше білу де, істей алу да мүмкін емес.*  
*Б. Момышұлы*



<b>ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ</b>	ҚР-ның Үкіметі бекіткен, бес жылға арналған даму бағдарламасын және даярлық (мамандықтар) бағыттарының кең спектрі бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің өз бетінше әзірленген білім беру бағдарламаларын іске асыратын, жаңа білімді жинақтау мен трансферттеу үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу нәтижелерін пайдаланатын ЖОО.
<b>ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК</b>	азаматтың немесе заңды тұлғаның ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстардың нәтижесінде алынған зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне және азаматтық айналымға қатысушыларды, тауарларды, жұмыстарды немесе көрсетілетін қызметтерді дараландыру құралдарына айрықша құқығы.
<b>ИНЖЕНЕРЛІК- ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕР</b>	ғылыми ұйымда немесе жоғары оқу орнында жұмыс істейтін, кәсіптік орта немесе жоғары білімі бар, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесіне қол жеткізуге және оны іске асыруға жәрдемдесетін жеке адам.
<b>ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ</b>	ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.
<b>ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОНСОРЦИУМЫ</b>	жоғары оқу орындары, ғылыми ұйымдар мен өндіріс саласында жұмыс істейтін басқа да заңды тұлғалар іргелі, қолданбалы ғылыми зерттеулер мен технологиялық инновациялар негізінде жоғары білікті мамандар даярлау үшін зияткерлік, қаржылық және өзге де ресурстарды біріктіретін, бірлескен қызмет туралы шарт негізіндегі ерікті тең құқықты бірлестік.
<b>ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСС</b>	білім беру ісіне тұрақты жаңа элементтер кіргізетін, жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне апаратын жаңалық, жаңадан ендірілетін әрекет. Білім беру ұйымдарының жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты қызметі.

<b>ИНСТИТУТ</b>	жоғары білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын жоғары оқу орны.
<b>ИНСТИТУЦИОНАЛ ДЫҚ АККРЕДИТТЕУ</b>	білім беру ұйымы сапасының мәлімделген мәртебесіне және аккредиттеу органының белгілеген стандарттарына сәйкестігін аккредиттеу органының бағалау процесі.
<b>ИНТЕГРАЦИЯЛАНҒ АН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ</b>	білім беру бағдарламаларының тиісті мазмұнды аспектілерін біріктіру негізінде әзірленген білім беретін оқу бағдарламалары.
<b>ИНТЕРНАТУРА</b>	клиникалық тәжірибеге рұқсат алу үшін білім алушыларды базалық жоғары медициналық білім беру шеңберінде клиникалық мамандықтар бойынша даярлау нысаны.

*Кітап - құдіретті қару. Ақылды, шабытты кітап көп ретте адам тағдырын шешеді.*

*В. Сухамлинский*



<b>КАДЕТ</b>	әскери, арнаулы оқу орнында техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім аушы.
<b>КАДРЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ</b>	қосымша кәсіптік білім берудің негізгі нысаны. Кәсіптік білімдері мен дағдыларын тереңдету жаңа кәсіптер мен мамандықтарды игерту мақсатында тиісті білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады. Кадрлардың біліктілігін арттыруды және оларды қайта даярлауды білім беру ұйымдары, ғылыми және оқу орталықтары, мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі жүргізеді.
<b>КАРТотеКА</b>	еңбектің авторы, атауы, шығу орны, баспасы, жылы, сандық реті көрсетіліп, әліпби, тақырып немесе мерзімі бойынша жүйеленген және орналастырылған карточкалардың жиынтығы.
<b>КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҚТАРЫ</b>	ата-анасын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, уақтылы орналастырылуы мүмкін болмаған жағдайда ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды, қорғаншылық және қамқоршылық органы балалардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төнген кезде ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе қамқорлыққа алған басқа адамдардан алып қойған балаларды, арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін балаларды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан қиын жағдайда жүрген балаларды қабылдауды және уақытша бағып-ұстауды қамтамасыз ететін, білім беру органдарының қарамағындағы ұйым.
<b>КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ</b>	белгілі кәсіп бойынша арнаулы білім, дағды, шеберлік, еңбек тәжірибесін қалыптастыру.
<b>КӘСІП</b>	адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі.

<b>КӘСІПТІК БАҒДАР</b>	білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен кеңестік көмек беру.
<b>КӘСІПТІК БІЛІК</b>	алынған білім негізінде атқарылуға тиіс әрекеттің ерекшеліктерін меңгере отырып, оны пайдалана білу әрекеттерінің жиынтығы.
<b>КӘСІПТІК БІЛІКТІЛІК</b>	белгілі бір деңгейдегі күрделі іс-әрекетті орындауға қажетті қызметкердің кәсіптік дайындығы. Берілген мамандықтың нормативті сипатына сәйкес берілетін біліктілік категориясы кәсіптік біліктіліктің көрсеткіші болып табылады.
<b>КӘСІПТІК БІЛІМ</b>	білім алушылардың белгілі бір салада кәсіптік қызметті жүргізуіне және (немесе) нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді алуына бағытталған білім беру түрі.
<b>КӘСІПТІК ДАҒДЫЛАР</b>	жаттығу нәтижесінде автоматтану дәрежесіне жеткен еңбек әрекетінің жекелеген тәжірибелері мен тәсілдері.
<b>КӘСІПТІК ДАЯРЛАУ</b>	техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлау бойынша қысқартылған мерзіммен оқытатын білім беру бағдарламаларын іске асыруды көздейтін бөлігі.
<b>КӘСІПТІК ДАЯРЛЫҚТЫ БАҒАЛАУ</b>	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары түлегінің біліктілік (қабілеті) деңгейінің тиісті кәсіптік қызмет түрі шеңберінде жұмысты орындауға сәйкестігі дәрежесін айқындау.
<b>КӘСІПТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІК</b>	құқық қорғау органдары жүйесіндегі және тиісті лауазымдағы кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыру үшін қажетті білім, шеберлік және дағды.
<b>КӘСІПТІК ТӘЖІРИБЕ</b>	болашақ кәсіптік қызметпен байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау процесінде теориялық білімдерді, дағдыларды бекітуге, тәжірибелік машықтар мен құзыреттерді иемденуге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі.
<b>КЕШЕНДІ ТЕСТІЛЕУ</b>	ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолданылып, бірнеше оқу пәндері бойынша бір мезгілде өткізілетін емтихан нысаны.

<b>КЛИНИКАЛЫҚ БАЗА</b>	жоғары оқу орнының немесе денсаулық сақтау ұйымының жергілікті денсаулық сақтау ұйымдарының базасында жұмыс істейтін, материалдық-техникалық базасының жоғары деңгейі болатын, ұйымдық-әдістемелік, оқу, емдеу-диагностикалық және ғылыми-зерттеу жұмысының қазіргі заманғы әдістері негізінде дәрігерлерді, ғылыми кадрларды даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асыратын және медициналық көмектің барлық түрлерін көрсететін клиникасы.
<b>КОЛЛЕДЖ</b>	жалпы орта және техникалық пен кәсіптік білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.
<b>КОНСПЕКТІЛЕУ</b>	кітаптың, дәрістің, баяндаманың немесе мақаланың мазмұнын, негізгі тұжырымдарын қысқаша түрде жазу.
<b>КӨРНЕКІЛІК</b>	оқытуда заттар мен құбылыстардың әрқайсысының өзіне тән жаратылыс бітімін, әр қилы сыр-сипаттарын сезім мүшелері арқылы байқауға, қабылдауға баулитып дидактикалық қағида.
<b>КРЕАТИВТІЛІК ТЕСТІЛЕРІ</b>	тұлғаның шығармашылық қабілеттерін зерттеп, бағалауға арналған әдістемелер жиынтығы.
<b>КРЕДИТ</b>	білім алушының/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі.
<b>КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ</b>	білім алушының және оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің сәйкестендірілген бірлігі ретінде кредитті пайдалана отырып, білім алушылардың пәндерді оқып зерделеу дәйектілігін таңдауы және дербес жоспарлауы негізіндегі оқыту.
<b>КУРСАНТ</b>	әскери, арнаулы оқу орнында жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы.
<b>КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР</b>	күнтізбе бойынша белгіленген жұмыстың істелу бағытын, мерзімін айқындау

*Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, берік һәм өз жанымызға /қазақ жанына/ үйлесетін негізде құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады.*

*М. Жұмабаев*



<b>ҚАБЫЛДАУ КВОТАСЫ</b>	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына қабылдау үшін бөлінетін мемлекеттік білім беру тапсырысы, оның ішінде білім беру гранттары көлемінің шекті саны.
<b>ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС</b>	біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы процесс.
<b>ҚАУЫМДАСТЫРЫЛ ҒАН ПРОФЕССОР (ДОЦЕНТ), ПРОФЕССОР</b>	білім беру саласындағы уәкілетті орган беретін ғылыми атақтар.
<b>ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ</b>	білім алушы мен педагогтың қашықтықтан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқытудың түрі.
<b>ҚОЛДАНБАЛЫ БАКАЛАВР</b>	орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін біліктілік.
<b>ҚОЛДАНБАЛЫ БАКАЛАВРИАТ</b>	білім беру бағдарламалары "қолданбалы бакалавр" біліктілігін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған орта білімнен кейінгі білім.
<b>ҚОЛДАНБАЛЫ ЗЕРТТЕУ</b>	тәжірибелік мақсаттарға қол жеткізу және нақты міндеттерді шешу үшін жаңа білім алуға және оны қолдануға бағытталған қызмет.
<b>ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ</b>	емтихан түріндегі аралық аттестаттау кезеңінде жүргізілген оқу бағдарламасын бағалау сапасының мақсатын игеру, білім алушылардың оқудағы жетістігін бақылау; егер пәндер бірнеше академиялық кезеңдерде оқытылатын болса, оқытылған академиялық кезеңде, пәннің бөлімдері бойынша, қорытынды бақылау жүргізіледі.

<b>ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕН ТЫС ҰЙЫМ</b>	білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу-тәрбие ұйымы.
<b>ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ</b>	білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу, оқыту процесі.
<b>ҚҰЗЫРЕТТЕР</b>	студенттердің оқыту процесі кезінде алған білімін, іскерлігін және дағдысын кәсіптік қызметте тәжірибелік тұрғыдан қолдана білу қабілеті.
<b>ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ</b>	оқушыларға еңбек әрекеті саласында заңдар мен заңдық күші бар нормалар туралы мәліметтер беру. Құқықтық тәрбие адамның құқықтық мәдениетімен байланысты. Құқықтық мәдениет мазмұны жалпыадамзаттық рухани мәдениет мазмұнына енеді. Сондықтан да құқықтық тәрбие адамгершілікті адам тәрбиелеу теориясының құрамды бөлігі ретінде қарастырылады.
<b>ҚҰРҒАҚ ЖАТТАУ</b>	оқу процесі барысында есте сақтау үшін белгілі бір мәтінді бірнеше рет қайталау.
<b>ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІК КАТЕГОРИЯСЫ</b>	қызметкердің кәсіптік міндетті орындау мүмкіндігін қамтамасыз ететін нормативті өлшеміне сәйкес тәлімдік және басқарушылық еңбектің кәсіптілік және өнімділік мөлшерін көрсететін біліктілік деңгейі.
<b>ЛАБОРОТОРИЯЛЫҚ САБАҚ</b>	арнайы және жоғары мектептердегі оқушылардың теориялық білімдерін тереңдету және бекіту, өздігінен эксперимент жүргізу дағдыларын дамыту мақсатымен жүргізілетін тәжірибелік жұмыстар мен зерттеулер.
<b>ЛИЦЕЙ</b>	білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес оларға кең ауқымда және тереңдете жаратылыстанушылық-математикалық білім беруді қамтамасыз ететін негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.

*Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді.*

*М. Ғабдуллин*



<b>МАГИСТР</b>	магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген адамдарға берілетін дәреже.
<b>МАГИСТРАНТ</b>	магистратурада білім алушы.
<b>МАГИСТРАТУРА</b>	білім беру бағдарламалары тиісті мамандық бойынша "магистр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.
<b>МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯ</b>	ғылымның қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделіп таңдалған мамандық саласындағы өзекті проблеманың теориялық және/немесе тәжірибелік әзірлемесін қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы.
<b>МАГИСТРЛІК ЖОБА</b>	таңдалған мамандықтың өзекті мәселелерінің қолданбалы міндетін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және/немесе эксперименттік нәтижелерді қамтитын өзіндік ғылыми зерттеуден тұратын бейінді магистратура магистрантының оқу бітіргендегі біліктілік жұмысы.
<b>МАМАН</b>	жоғары білім беру бағдарламасын меңгерген азаматқа берілетін біліктілік.
<b>МАМАНДАНДЫРЫЛ ҒАН АККРЕДИТТЕУ</b>	білім беру ұйымы іске асыратын жекелеген білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау.
<b>МАМАНДЫҚ</b>	жеке адамның бір істі игеріп, сол іске шеберлігінің қалыптасуы. Онда жастарды оқыту, үйрету, басқару, талап ету, бақылау, бағалау жүргізіледі.
<b>МӘСЕЛЕЛІК ТАПСЫРМА</b>	оқушыны күрделі танымдық-ізденістік іс-әрекетке жұмылдыру мақсатында берілетін тапсырма. Ол оқушының ойлау қабілетіне, пайымдауына, өз бетінше ізденуіне әсер етеді.
<b>МЕЖЕЛІК БАҚЫЛАУ</b>	Пәнінің модулін аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.
<b>МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ СТИПЕНДИЯ</b>	Қазақстан Республикасының Президенті және (немесе) Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайтын стипендия.

<b>МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ КӘСІПОРНЫ</b>	Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылатын білім беру мекемесі.
<b>МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ</b>	мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жөнінде, экономиканың қажеттілігін қамтамасыз ету, білікті жұмыс күші мен қоғамның зияткерлік әлеуетін молайту үшін білікті қызметкерлер мен мамандарды даярлау, біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөнінде, сондай-ақ білім беру жүйесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жөнінде мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсетулер көлемі.
<b>МЕМЛЕКЕТТІК БІТІРУ ЕМТИХАНЫ</b>	білім алушылардың жалпы орта білім беру курсын бітіргенін куәландыратын мемлекеттік үлгідегі құжатты алуы үшін қажетті талап болып табылатын, жалпы орта білім беру ұйымдарында оларды қорытынды аттестаттау нысандарының бірі.
<b>МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ҚАҒИДАЛАРЫ</b>	1) оқу материалын мақсатқа лайықтап іріктеу және оны мақсаттық блоктарға құру; 2) оқу материалының толықтығы, оның әржақтылығы мен кіріктірімділігі; 3) модульдің біршама дербестігі мен логикалық аяқталуын қамтамасыз ету; 4) оқушылардың материалды игеруі мен мұғаліммен кері байланысын әдістемелік қамтамасыз ету.
<b>МОРАЛЬДЫҚ ТӘРБИЕ</b>	адамгершілік сана, сезім, мінез-құлықтарды қалыптастыратын тәрбие. Адамгершілік сана адамгершілік қағидалары мен мінез-құлық нормаларын білуді қамтамасыз етеді.
<b>МҰҒАЛІМ БЕДЕЛІ</b>	мұғалімнің оқушыларға ықпалын анықтайтын, шешімдер қабылдауына, бағалауын білдіруге ақыл-кеңес айтуға құқық беретін ерекше кәсіптік ұстаным.
<b>МІНДЕТТІ КОМПОНЕНТ</b>	үлгілік оқу жоспарында белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқитын оқу пәндерінің және тиісті кредиттердің ең аз көлемінің тізбесі.

*Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап.*

*А. Байтұрсынұлы*



<b>ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>	әрбір оқу пәні (сабақ) бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберліктің, дағдылар мен біліктіліктің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.
<b>ОҚУ ЖАБДЫҚТАРЫ</b>	мектептің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қажет барлық жабдықтар. Оқу жабдықтарына: кинодиопроектор, компьютер, шеберхана, музыкалық және денешынықтыру аспаптары, т.б.
<b>ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУДЫҢ БАЛДЫҚ РЕЙТИНГТІК ӘРІПТІК ЖҮЙЕСІ</b>	халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйедегі сандық эквивалентіне сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі.
<b>ОҚУ ЖОСПАРЫ</b>	тиісті білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу пәндерінің, сабақтарының (модульдерінің), тәжірибелерінің, өзге де оқу қызметі түрлерінің тізбесін, бірізділігін, көлемін (еңбекті қажетсінуін) және бақылау нысандарын регламенттейтін құжат.
<b>ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ</b>	мамандық бойынша үлгілік оқу жоспары мен студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде білім беру ұйымы дербес әзірлейтін оқу құжаты.
<b>ОҚУ ЖЫЛЫ</b>	оқу орындарында белгіленген жыл сайынғы оқу мерзімі. Оқу жылы 1-қыркүйекте басталады.
<b>ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТҮРІ</b>	оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді қолдануды жүзеге асыру үшін оқушыларды топтастыру.
<b>ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІ</b>	теориялық алған білімдерін нақтылау үшін тәжірибе жүзінде көз жеткізу.
<b>ОҚУ ПРОБЛЕМАСЫ</b>	ғалымдар шешімін тапқан, бірақ оқушылар үшін әлі жаңа шығармашылық мәселе.
<b>ОҚУ ТАПСЫРМАСЫ</b>	өзіндік оқу жұмысының мазмұны мен көлемі тұрғысындағы түрлері. Мұғалім нұсқауымен оқушылар орындаған оқыту процесінің ажырамас бөлігі және оны белсендірудің маңызды құралы.
<b>ОҚУ ҮЛГЕРІМІНІҢ ОРТАША БАЛЫ</b>	білім алушының тандаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы.

<b>ОҚУДЫҢ ҒЫЛЫМИЛЫҒЫ</b>	нақты ғылыми білімдер беріп, дүниеге көзқарасты қалыптастыратын дидактикалық қағидалардың бірі. Оқытудың ғылымилығының мазмұнына тек айқын ғылыми фактілер, шен ақиқаттар алынады.
<b>ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС</b>	білім беру мәселелерін жан-жақты қарап, талқылап, бағыт-бағдар беретін алқалық орган.
<b>ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН</b>	оқу және әдістемелік ресурстардың толық жиыны, ол білім беру процесін ұйымдастыру және жүргізу үшін қажет.
<b>ОҚУ-КЛИНИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ</b>	медициналық жоғары оқу орнының қазіргі заманғы жабдықтарымен, фантомдармен, муляждармен жабдықталған және білім алушылар мен медицина қызметкерлерінің тәжірибелік (клиникалық) машықтарды меңгеруіне сонымен қатар, оларды бақылауға арналған құрылымдық бөлімшесі.
<b>ОҚУЛЫҚ БАСЫЛЫМ</b>	ғылыми және қолданбалы сипаттағы мәліметтер түсінікті, жүйелі түрде берілген және оқыту мен зерделеуге арналған арнайы әдебиет.
<b>ОҚУ-ТӘЖІРИБЕЛІК ШАРУАШЫЛЫҚ</b>	Білім алушылардың теорияны тәжірибемен ұштастыруына, яғни оларды еңбекке баулуға арналып ұйымдастырылатын шаруашылық.
<b>ОҚЫТУ</b>	білім алушылар мен тәрбиеленушілердің білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді иелену, қабілеттерді дамыту, білімдерін күнделікті өмірде қолдану тәжірибесін иелену және өмір бойы білім алуға ынталануын қалыптастыру жөніндегі қызметін ұйымдастырудың мақсатты бағытталған процесі.
<b>ОҚЫТУ ӘДІСІ, ҮЙРЕТУ ӘДІСІ</b>	білім мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ететін мұғалім мен білім алушының жүйелі өзара байланысы. Ол оқыту мақсатын, меңгеру тәсілін, оқыту субъектілерінің өзара әрекетінің сипатын қамтиды. Бұл белгілердің ерекшелігі оқытудың әрбір әдісінде көрінеді, ал әдістер жиынтығы тәрбиелей оқытудың барлық мақсатына жетуді қамтамасыз етуі керек.
<b>ОҚЫТУ ПСИХОЛОГИЯСЫ</b>	оқытудың жүйелілігі жағдайындағы танымдық іс-әрекеттің дамуын зерттейтін педагогикалық психологияның бөлімі.
<b>ОҚЫТУ ҰСТАНЫМДАРЫ</b>	жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мақсатына сәйкес, оқыту сипаттарын белгілейтін негізгі жетекші ережелер.

<b>ОҚЫТУДАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІК</b>	оқу процесін білім алушылар бойында құлшыныс пен өз бетімен жұмыс істеуді, білімді берік, терең игеруді, қажетті білікті, дағдыны жүйелі қалыптастыратындай және олардың байқампаздық, ойлау, сөйлеу, шығармашылық және есте сақтау қабілеттерін дамытатындай етіп құруды оқытушыдан талап ететін дидактикалық қағида.
<b>ОҚЫТУДАҒЫ ДАҒДЫЛАР</b>	бірнеше мәрте қайталау нәтижесінде автоматтандырылған сипатқа ие болған оқу әрекеті. Ол білім алушылардың білім мен білікті игеру мөлшеріне қарай олардың ауызша және жазбаша сөйлеу кезінде, оқу міндеттерін орындауда, т.б. көрінеді.
<b>ОҚЫТУДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ӘДІСІ</b>	оқушыларды айналадағы құбылыстарды бақылап, ондағы заңдылықтарды тануға өздігінен қорытынды жасай білуге үйретуде зерттеу элементін қолдану.
<b>ОҚЫТУДАҒЫ ФОРМАЛИЗМ</b>	материалды толық түсіне алмайтын және іс жүзінде қолдана алмайтын деңгейдегі құр жаттандылық. Оқытудағы формализмнің негізгі себебі оқытудың абстрактылығы. Материалды өмірмен, тәжірибемен байланыстыра алмау, дидактиканың көрнекілік, саналылық және белсенділік ұстанымдарын жеткілікті қолдана білмеуден туындайды.
<b>ОҚЫТУ- САУЫҚТЫРУ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ</b>	балаларға және оқушы жастарға тәрбие, білім беру, оларды сауықтыру, демалдыру жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын заңды тұлға.
<b>ОҚЫТУШЫ</b>	жоғары оқу орындарында сабақ, дәріс, семинар, зертханалық жұмыстарын басқаратын оқу пәндерінің маманы.
<b>ОҚЫТУШЫНЫҢ БАСШЫЛЫҒЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫ</b>	бекітілген кесте бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының аудиториядан тыс жұмысы. Білім алушының санатына қарай ол: оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің, магистранттың, докторанттардың өзіндік жұмысы болып бөлінеді.
<b>ОРТА БІЛІМ</b>	азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі нәтижесінде алатын білімі.

<b>ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҮЗДІК ҰЙЫМ ГРАНТЫ</b>	облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және Астананың жергілікті атқарушы органдары мемлекеттік орта білім беру ұйымдарына рейтингілік көрсеткіштері негізінде конкурс қорытындылары бойынша жыл сайын бөлетін ақша.
<b>ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ</b>	бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, мамандандырылған жалпы білім беретін және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.
<b>ОФИС РЕГИСТРАТОР</b>	білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін және оның академиялық рейтингісіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін академиялық қызмет.
<b>ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ</b>	адамның өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі, өз мақсатын нақтылау, ойын түйіндеу қабілеттілігі.
<b>ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ</b>	оқушылардың және студенттердің шығармашылық әлеуетін ашуға, олардың өзін-өзі табысты көрсетуге мүмкіндік беретін өзін-өзі ұйымдастырудың тәсілі.
<b>ӨЗІН-ӨЗІ ТӘРБИЕЛЕУ</b>	субъективтік мақсатта жеке тұлғаның мүддесінде мақсатты түрде құрылатын және оның қасиеті мен қабілетінің дамуын саналы басқаратын процесс.
<b>ӨРКЕН - ГРАНТЫ</b>	"Назарбаев Зияткерлік мектептері" мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалардың оқуына ақы төлеу үшін ҚР-ның Тұңғыш Президенті тағайындайтын грант.

*Педагогикалық іске және ғылымға саналы қабілеті бар, жалпы халыққа қажеттілігін түсіне отырып, ісінен қанағаттануды сезінетін адамдарды ғана тарту керек.*

*Д. Менделеев*



<b>ПЕДАГОГИКА</b>	жеке адамды тәрбиелеп қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие, білім беру туралы ғылым саласы.
<b>ПЕДАГОГИКА ТАРИХЫ</b>	білім беру тәжірибесі мен педагогикалық білімнің тарихи дамуын бірлікте және білім беру мен педагогика ғылымдарының қазіргі мәселелерімен өзара байланыстыра зерттейтін ғылым саласы.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСҚАРУ</b>	қойылған мақсатқа сәйкес педагогикалық жағдайды, процесті немесе жүйелерді бір қалыптан екінші қалыпқа ауыстыру процесі.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЯТ</b>	педагогикалық процесс пен педагогикалық жүйенің өзектесе бір уақытта көрініс беруі.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС</b>	білім беру мекемесін басқарудың педагогикалық алқалы органы. Педагогикалық кеңес педагогтардың кәсіби қызметінің барлық мәселелері бойынша басқарушылық шешімдер қабылдайды.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУ ҚҰҚЫҒЫ</b>	Білім беру ұйымдарында тиісті кәсіптік білімі бар азаматтардың педагогикалық қызметпен айналысу құқығы бар.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ</b>	жоғары және орта педагогикалық оқу орындарындағы кәсіптік оқыту түрі, болашақ мұғалімдерді тәжірибелік даярлау.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ</b>	педагог пен оқушы әрекеттерінің бірізділік кезеңдерінің бейнеленуі. Оған ұйымдастыру кезеңдері, жаңа білімді қалыптастыру, білім, білік, дағдыны бекіту жатады.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ</b>	адамды оқыту мен тәрбиелеу барысында оның болмысының даму заңдылықтарын зерттейтін, танымдық қызметі мен қоғамдық қасиеттерін жүйелейтін психология саласы.

<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ САРАПТАМА</b>	педагогикалық объект туралы сараптық талқылау барысында ұжымдық пікір туғызу үшін жүргізілетін амалдар тізбегі.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СТАНДАРТ</b>	кәсіптік оқыту және кәсіптік іс-әрекет процесінде меңгерілуге тиісті педагогикалық іс-әрекет эталоны.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯ</b>	білім, тәрбие, оқыту теориясы мен тәжірибесінде қолданылатын кәсіптік сөздер жүйесі.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКА</b>	жеке баланы, сондай-ақ ұжымды тәрбиелеуде таңдаған әдістемелерді жүзеге асыратын білім, шеберлік, дағдылардың жиынтығы.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТҮЛҒА</b>	ұстаздың шәкіртіне педагогикалық қасиеттері арқылы үлгі болуы.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМ</b>	оқу-тәрбие мекемесі қызметкерлерінен құралған ұжым.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК</b>	педагогтің оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін пәрменді басқарып, мақсатты педагогикалық әсері мен өзара әрекеттестікті жүзеге асыруына мүмкіндік беретін арнаулы білімі, білігі және машығы, тұлғалық кәсіптік маңызды қасиеттерінің кешені.
<b>ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ</b>	оқу-тәрбие процесін дамытудағы педагогтың оңтайлы және ұтымды педагогикалық шешімдер тауып, жүзеге асыруы.
<b>ПӘНДЕР БАҒДАРЛАМАСЫ (SYLLABUS)</b>	оқитын пәннің сипаттамасын, мақсаттары мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, оның тақырыбын, өзіндік жұмыс тапсырмаларын, кеңес беру уақытын, білім алушылардың білімін тексеру кестесін, оқытушы талаптарын, бағалау өлшемдерін қамтитын оқу бағдарламасы және әдебиеттер тізімі.
<b>ПӘННІҢ СИПАТТАМАСЫ</b>	пәннің мазмұнын, мақсаттары мен міндеттерін, қысқаша нысанды қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады).
<b>ПІКІР</b>	бір нәрсенің беймәлім жағын ақиқат не жалған деп айту тұрғысынан оң немесе теріске шығаратын талас ой.
<b>ПОСТРЕКВИЗИТТЕР</b>	аталған пәнді оқыту аяқталғанда оларды зерделеу үшін меңгерілген білім, икемділіктер мен дағдыларды қажет ететін пәндер.
<b>ПРАКТИКУМ</b>	оқу процесін ұйымдастыру нысаны. Оқушылардың тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды өз бетімен орындауы.

<b>ПРЕРЕКВИЗИТТЕР</b>	оқылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икемділіктер мен дағдыларды қамтитын пәндер.
<b>ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ</b>	оқытудың эвристикалық әдістерді пайдалануға негізделген түрі.
<b>ПРОФЕССОР</b>	жоғары оқу орны оқытушысының немесе ғылыми-зерттеу мекемесі ғылыми қызметкерінің лауазымы және ғылыми атақ.
<b>ПСИХОЛОГИЯ</b>	тіршілік қарекетінің ерекше нысаны ретінде психиканың даму және функция атқару заңдылықтары туралы ғылым.
<b>РЕЗИДЕНТУРА</b>	клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білім алу нысаны.
<b>РЕЗИДЕНТУРА ТЫҢДАУШЫСЫ</b>	клиникалық мамандықтар бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі тереңдетілген медициналық білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеретін маман.
<b>РЕФЕРАТ</b>	ғылыми еңбектің мазмұнын жазбаша қысқаша жазу немесе ауызша баяндау.
<b>РУХАНИ БІЛІМ ҰЙЫМДАРЫ (ДІНИ) БЕРУ</b>	дін қызметшілерін даярлаудың білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындары.

*Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек.*

*А. Байтұрсынұлы*



<b>САБАҚ</b>	бір пәнді оқытуға арналған оқу сағаты.
<b>САБАҚ ЖОСПАРЫ</b>	өткізілетін сабақтың берілу жүйесі. Сабақтың тақырыбы, мақсат-міндеттері, сабақта пайдаланылатын көрнекіліктер мен техникалық құралдар, оқушылардың меңгеретін білік, білім, дағдылары, пайдаланатын әдебиеттер тізімі, сабақтың мазмұны қамтылады.
<b>САБАҚ МАЗМҰНЫ</b>	әрбір тақырып бойынша қамтылатын материалдар, оны оқытудың әдістері, сабақтағы жеке дара және ұжымдық жұмыстар.
<b>САБАҚТЫ ТАЛДАУ</b>	сабаққа қатысу барысында сабаққа қойылатын талаптарға сай педагогтың сабақтың өту барысына талдау жасауы. Нәтижесінде педагогикалық көмек көрсету.
<b>САЛАЛЫҚ УӘКІЛЕТТІ ОРГАН</b>	ғылым және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды және тиісті салада ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.
<b>СЕМЕСТР</b>	жоғары және арнайы орта оқу орындарындағы оқу жылының аралық өлшемі.
<b>СЕМИНАР</b>	оқушылардың оқытушының жетекшілігімен өз алдына дайындаған хабарламаларын, баяндамаларын ұжымдық талқылауы.
<b>СЕРВИСТІК КОМПАНИЯ</b>	ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға қажетті консалтингтік, инжинирингтік, сертификаттау, патенттік және басқа да көрсетілетін қызметтерді көрсететін заңды тұлға.
<b>СЕРТИФИКАТ</b>	белгілі бір фактіні куәландыратын құжат.
<b>СЕССИЯ</b>	оқу кезеңінің соңындағы сынақ, емтихан алынатын уақыт.
<b>СТИПЕНДИЯ</b>	білім алушылардың тамағына, күнделікті тұрмыстық шығындарына және оқулықтар сатып алуына жұмсалатын шығындарды жабу үшін берілетін ақша сомасы.

<b>СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР</b>	стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған іргелі не қолданбалы зерттеулер.
<b>СТУДЕНТ</b>	техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымында білім алушы.
<b>СЫНАҚ КІТАПШАСЫ</b>	студенттердің білім, білік, іскерлік дағдыларына қойылатын бағаны тіркеу кітапшасы.
<b>СЫНЫП ЖЕТЕКШІЛІГІ</b>	педагогқа білім алушылардың оқу-тәрбие процесін үйлестіру бойынша жүктелетін қызмет.

*Тіл – сөйлеу-сөйлесу, оқу-үйрену, жазу-сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің біріне көңіл аудармау - үлкен қылмыс.*

*Ғ. Мүсірепов*



<b>ТАЛАПКЕР</b>	негізгі не жалпы орта мектепті бітіріп, арнайы орта немесе жоғары оқу онына түсуге талаптанушы.
<b>ТАҢДАУ КОМПОНЕНТІ</b>	жоғары оқу орны ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін есепке ала отырып кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдай алатын оқу пәндерінің және тиісті кредиттердің ең аз көлемінің тізбесі.
<b>ТӘЖІРИБЕЛІК ӨНДІРІС</b>	негізгі қызметі тәжірибелік үлгілер мен пайдалы модельдерді, жана өнімдер мен технологиялық процестерді дайындау және байқаудан өткізу болып табылатын ғылыми ұйымдардың, ЖОО-ның құрылымдық бөлімшесі немесе заңды тұлға.
<b>ТӘЖІРИБЕЛІК-КОНСТРУКТОРЛЫҚ ЖҰМЫСТАР</b>	өнімді жасау немесе жаңғырту кезінде орындалатын жұмыстар кешені, тәжірибелік үлгілерге арналған конструкторлық және технологиялық құжаттаманы әзірлеу, тәжірибелік үлгілер мен пайдалы модельдерді дайындау және сынау.
<b>ТӘРБИЕ</b>	қойылған мақсатқа жетуге бағытталған тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара тиімді іс-әрекеттері.
<b>ТӘРТІП</b>	адамдардың белгілі бір қауымдастығындағы, тіршілік саласындағы реттіліктің, ұйымшылдықтың сапалық сипаттамасы.
<b>ТЕОРИЯ</b>	тәжірибені қорыта келіп, әр алуан қоғамдық құбылыстар мен фактілерді түсіндіретін және оларға әсер ете алатын жалпы ғылыми қағидаларды білдіретін ғылым.
<b>ТЕСТІЛЕУ</b>	тест негізінде бағалау және өлшеу, яғни статистикалық негізделген шамаларға тіркелген белгілі бір мөлшердегі бағамен аяқталады.
<b>ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ</b>	білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлауға бағытталған білім беру.
<b>ТРАНСКРИПТ</b>	білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат.
<b>ТҮЙІН</b>	біреу не бір нәрсе туралы тек қана негізгі мағлұматтар берілетін қысқаша хабарлама.

<b>ТЫҢДАУШЫ</b>	білім беру ұйымында қосымша білімнің және дайындық бөлімінің білім беру бағдарламалары бойынша білім алып жатқан адам.
<b>ТІРЕК МЕКТЕП (РЕСУРС ОРТАЛЫҒЫ)</b>	шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуға қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында білім алушылардың қысқа мерзімді сессиялық сабақтарын, аралық және қорытынды аттестатталуын өткізу үшін базасында таяу маңдағы шағын жинақталған мектептердің білім беру ресурстары шоғырланатын орта білім беру ұйымы.
<b>ТІРКЕУ БӨЛІМІ</b>	білім алушылардың оқудағы жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімін бақылаудың барлық түрлерін және оның академиялық рейтингіне есеп жасауды ұйымдастыруды қамтамасыз ететін қызмет.
<b>ТҮЮТЕР</b>	студенттің нақты пәнді игеруі бойынша академиялық кеңесші рөлін атқаратын оқытушы.
<b>УНИВЕРСИТЕТ</b>	мамандықтардың үш және одан да көп тобы бойынша жоғары білім берудің, магистратураның және докторантураның білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыратын, ғылыми және әдістемелік орталық болып табылатын жоғары оқу орны.

*Ұстаз деген ұлағатты атауды естігенде, күні бүгінге дейін өзімді шәкірттей сезінемін.*

*С. Қожамқұлов*



<b>ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ</b>	орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім беретін білім беру ұйымдарына түсу емтихандарымен біріктірілетін, жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудың бірі.
<b>ҰЛТТЫҚ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ</b>	елдің жетекші ғылыми және әдістемелік орталығы болып табылатын, ерекше мәртебесі бар жоғары оқу орны.
<b>ҰЛТТЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ</b>	ерекше мәртебесі және ҚР-ның Үкіметі бекіткен, бес жылға арналған даму бағдарламасы бар, даярлық (мамандықтар) бағыттарының кең спектрі бойынша жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің өз бетінше әзірленген білім беру бағдарламаларын іске асыратын, жаңа білімді жинақтау мен трансферттеу үшін іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеу нәтижелерін пайдаланатын жоғары оқу орны.
<b>ҮЛГЕРІМ</b>	оқу бағдарламасымен белгіленген білім, білік, дағдыны олардың тереңдігі, саналылығы, толықтығы мен беріктігі тұрғысынан меңгеру дәрежесі.
<b>ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ</b>	оқу мазмұнын, көлемін, ұсынылатын әдебиетті анықтайтын және білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін мамандықтың үлгілік оқу жоспарының міндетті компонентіндегі пәннің оқу құжаты.
<b>ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ</b>	ҚР-ның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуішісі және стандарт негізінде әзірленетін, білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін оқу құжаты. Ол міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттердің ең аз көлемін және тәжірибенің, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер циклі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін реттейді.
<b>ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ</b>	ҚР-да немесе одан тысқары жерлерде ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантураның бағдарламасын меңгерген және диссертация қорғаған адамдарға берілетін, ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен танылған дәреже.

*Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет.*

*Ш. Уәлиханов*



<b>ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МЕКТЕП</b>	дербес әзірленген интеграцияланған білім беру бағдарламаларын іске асыратын, Халықаралық Бакалавриат Ұйымында авторизациялаудан немесе халықаралық институционалдық аккредиттеуден өткен оқу орны.
<b>ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕП</b>	білім алушылар контингенті шағын, сынып-жинақтары біріктірілген және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік нысаны бар жалпы білім беретін мектеп.
<b>ІРГЕЛІ ЗЕРТТЕУ</b>	табиғат, қоғам, адам дамуының негізгі заңдылықтары мен олардың өзара байланысы туралы жаңа ғылыми білім алуға бағытталған теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеу.
<b>ІС-ӘРЕКЕТ</b>	адамның ақиқат дүниемен өзара белсенді әрекеттестігінің іс жүзіндегі көрінісі.
<b>ІСКЕРЛІК ОЙЫН</b>	кәсіптік немесе өзге әрекеттердегі жағдайларға құрылған ойындар.
<b>ЭДВАЙЗЕР</b>	тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық мағлұматтарының қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы.
<b>ЭКСПЕРИМЕНТТІК АЛАҢ</b>	жаңа педагогикалық технологиялар мен білім берудің жаңа мазмұнын сынақтан өткізуге арналған эксперимент режимінде білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.
<b>ЭКСТЕРНАТ</b>	білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқитын оқыту нысандарының бірі.
<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР</b>	білім беру ұйымы бекітетін, берілген кредиттер шеңберінде білім алушы өзінің жеке оқу жоспарын қалыптастыратын таңдау бойынша құрамға енген оқу пәндерінің тізбесі.

<b>ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ</b>	зерттеу мақсатын, қысқаша мазмұнын (негізгі бөлімдер) және зерттеуден күтілетін нәтижелерді (студенттердің алатын білімін, іскерлігін, дағдысы мен құзыреттерін) көрсете отырып, пәннің қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау компоненттері бойынша барлық пәндердің жүйеленген аннотацияланған тізбесі.
<b>ЭЛЕКТРОНДЫҚ (ВИРТУАЛДЫ) ЗЕРТХАНА</b>	нақты құбылыстың көрнекі моделін зерттеуге және құруға мүмкіндік беретін электрондық орта. Әлемдік тәжірибеде математика, физика, химия, биология, экология және т.б. аумақтарда виртуалды зертхана деген ұғым қолданылады.
<b>ЭЛЕКТРОНДЫҚ (ВИРТУАЛДЫ) КІТАПХАНА</b>	пайдаланушыға желі арқылы толық мәтіндік ақпараттық ресурстарды ұсыну және жинақтау мүмкіндігін қамтамасыз ететін бағдарламалық кешен.
<b>ЭЛЕКТРОНДЫҚ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ</b>	педагогикалық тәжірибемен алмасу, қалыптасу және білім берудегі жаңа модельдерді тарату түрі. Электрондық әдістемелік құралда педагогтың тәжірибесі видео-көрініс, сабақтың шифрленген жазбасы оқушы жұмысының күнтізбелік жоспарлау түрінде бекітіледі.
<b>ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАСЫЛЫМ</b>	графикалық, тексттік, сандық, мәтіндік, музыкалық, фото, видео және т.б. ақпараттың жиынтығы.
<b>ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ</b>	білім берудегі негізгі электрондық басылым, ол жоғарғы ғылыми және әдістемелік деңгейде құрылған, білім беру стандартына сай келеді. Компьютерлік оқулық қағаз жүзінде бола алмайды және дидактикалық қасиетін жоғалтпауы керек.
<b>ЭЛИТАЛЫҚ БІЛІМ</b>	дарынды адамдарға арналған мамандандырылған білім беру ұйымдарында іске асырылатын мамандандырылған жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламалары бойынша алынатын білім.

## ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ҒЗЖ	ғылыми-зерттеу жұмысы
ҒЗИ	ғылыми-зерттеу институттары
ЖБП	жалпы білім беру пәндері
ЖОЖ	жеке оқу жоспары
ЖОО	жоғары оқу орны
ОӘК	оқу-әдістемелік кешен
ОБӨЖ	оқытушының басшылығымен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы
ОДӨЖ	оқытушының басшылығымен жүргізілетін докторанттардың өзіндік жұмысы
ОЖЖ	оқу жұмыс жоспары
ОМӨЖ	оқытушының басшылығымен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы
ҰБТ	ұлттық бірыңғай тестілеу
ҮОБ	үлгілік оқу бағдарламасы
ҮОЖ	үлгілік оқу жоспары
ЭБ	электрондық басылым
ЭПК	элективті пәндер каталогы

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V ҚРЗ.
2. Ғылым туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV Заңы.
3. Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.
4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
5. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Педагогика және психология /Жалпы редакциясын басқарған – педагогика ғылымдарының докторы, профессор А.Қ. Құсайынов – Алматы: «Мектеп» баспасы ЖАҚ, 2002. 256 бет.

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
А .....	4
Ә .....	6
Б .....	8
Ғ .....	11
Д .....	16
Ж .....	18
З .....	20
К .....	22
Қ .....	25
М .....	27
О .....	29
П .....	33
С .....	36
Т .....	38
Ұ .....	40
Х .....	41
Шартты қысқартулар .....	43
Пайдаланылған әдебиеттер .....	44

Есімсейтов Бауыржан Рақымжанұлы

**АКАДЕМИЯЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІК**  
Анықтамалық басылым

Компьютерде теріп, беттеген: К. Ещанов

Басуға 16.06. 2017 ж. қол қойылды.

Қағаз көлемі А4. Көлемі 3 шартты баспа табақ.

Таралымы 300 дана.